

2026 ЖЫЛЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ӨТІНІШТЕРІ БОЙЫНША КЕЛІСУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕНДІ, СОНДАЙ-АҚ МЕДИАТӨРДІ ҚОСУ ПРАКТИКАСЫ ЖҮРГІЗІЛІП, КЕҢЕЙТІЛЕТІН БОЛАДЫ. БҰЛ ІС-ШАРА КОМПАНИЯ ІШІНДЕГІ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ҚАРАУ АРҚИМІНЕ ОБЪЕКТИВТІКТІ, ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖӘНЕ СЕНІМДІЛІКТІ КҮШЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛЫП ОТЫР. БІЗ ҚТЖ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК ОМБУДСМЕНІ РЕТІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДИАЛОГТЫ ДАМУЫТ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КОМПАНИЯДА ТҰРАҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТЫ ЖАЛҒАСТЫРАТЫН БОЛАМЫЗ.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік омбудсмені



№10 (3157)
10/02/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚТЖ: ВЕКТОР НА РАЗВИТИЕ ТРАНЗИТА

Глава ҚТЖ и председатель правления Эстонской железной дороги обсудили перспективы развития логистических маршрутов.

Так, председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгат Алдыбергенов провел рабочую встречу с председателем правления – генеральным директором ГАО «Eesti Raudtee» (Эстонская железная дорога) господином Кайдо Циммерманном.

В ходе переговоров стороны обсудили текущее состояние и стратегические перспективы двустороннего сотрудничества в транспортно-логистической сфере. Основной акцент сделан на интеграции транспортных сетей для оптимизации грузопотоков между Центральной Азией и Европой.

Также озвучена положительная динамика объемов железнодорожных перевозок между Казахстаном и Эстонией за прошлый год. Объемы увеличились в 2,1 раза и составили 382,4 тысячи тонн (рост на 197,4 тысячи тонн к 2024 году), из них: экспорт – 313,7 тысячи тонн (+ в 2,6 раза, или 192,9 тысячи тонн), импорт – 29,7 тысячи тонн (+ 30,2%, или 6,9 тысячи тонн).



Стороны отметили значимость использования потенциала перевозок через Эстонию в рамках Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ). Это направление становится важным для диверсификации экспортных путей на европейские рынки.

Во время встречи отмечена роль портовой инфраструктуры: активное вовлечение эстонских портов в логистические цепочки позволит значительно увеличить объемы грузоперевозок.

Стороны подчеркнули, что совместная работа по созданию эффективных транзитных схем обеспечит выгодные условия для казахстанских

экспортёров и международных транзитных компаний.

– Участие эстонских портов и интеграция их мощностей в наши транспортные коридоры способны обеспечить дополнительный рост грузопотока и повысить конкурентоспособность логистических решений для всех участников рынка, – было отмечено в ходе встречи.

По итогам переговоров стороны подтвердили готовность к дальнейшему укреплению партнерства и детальной проработке новых технологических решений для ускорения доставки грузов.

Асель ШАЙХИНОВА
Фото Абзала КАЛИЕВА

БИЫЛ ДА ЖАЛҒАСАДЫ



Қазақстан «Шығыс – Батыс», «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәліздерін және Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту арқылы Еуропа мен Азия арасындағы негізгі дәнекерге айналып отыр.

Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, жылжымалы құрамды жаңарту, көлікті бақылауда цифрлық шешімдерді енгізу және халықаралық бағыттар желісін кеңейту бастамалары еліміздің өңірдегі негізгі транзиттік хабтарының бірі ретінде позициясын нығайтуға ықпал етті.

Өткен жылы «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі және Алматы айналма жолы іске қосылды, «Қызылжар – Мойынты» желісінің құрылысы басталды. Теміржол көлігімен жүк тасымалдау көлемі 320 млн тоннаға жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда 5,5%-ға артты. Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында теміржол инфрақұрылымын ауқымды жөндеу жалғасуда, 4,4 мың км астам жол жөндеу жұмыстары орындалды.

Сонымен қатар өткен жылы теңіз тасымалы 7%-ға, контейнерлік тасымал 29%-ға өсті. Ақтау портында контейнерлік хаб құрылысы аяқталды, Транскаспий бағытын дамыту күшейтілді. 775 локомотив жеткізуге және 124 вокзалды жаңғырту бойынша келісімшарттарға қол қойылды.

Көлік саласының транзиттік-логистикалық әлеуетін нығайту, инфрақұрылымды жаңғырту мен тасымалдау тиімділігін арттыруға бағытталған жүйелі даму жұмыстары биыл да жалғасады.

Нұрбек БЕКЕН



Дамир КОЖАХМЕТОВ,
генеральный директор
(председатель правления)
АО «KTZ Express»:

Актуально

НАДЕЖНОСТЬ В ЛЮБУЮ ПОГОДУ

Начало февраля в ряде регионов Казахстана ознаменовалось обильными снегопадами. Бурган парализовал автомобильные трассы и привел к задержкам авиарейсов. Поезда при этом следовали по расписанию. За первую неделю месяца железнодорожниками убрано более 60 тысяч кубометров снега. На фоне продолжающейся борьбы с последствиями непогоды в АО «НК «Қазақстан темір жолы» активно ведется подготовка к весеннему снеготаянию.

Любовь РОВБА,
Астана

С 1 по 8 февраля с помощью спецтехники работники дистанций пути очистили по Казахстану 4 735 километров пути. Снегоочистительные машины типа СДПМ осуществили 66 выездов. Снегоуборочная машина типа СМ-2 – 83 выезда, или 227 рейсов. При этом убрано 63 385 кубометров снега.

Благодаря оперативно принятым мерам непогода в северных регионах страны не повлияла на график движения поездов. Пути и стрелочные переводы круглосуточно очищали от снега и наледи, а перевозка пассажиров была на особом контроле.

В целом с начала снеговорыбы (с 5 декабря по 8 февраля) по Казахстану очищено 46 976 километров пути. При этом убрано 487 105 кубометров снега. Всего на магистральной сети снегоочистительные машины типа СДПМ осуществили 645 выездов, снегоуборочная машина типа СМ-2 – 554 выезда.

Если на севере страны февраль традиционно сопровождается бурными и обильными снегопадами, то в южных регионах в этот период уста-



навливаются плюсовые температуры и начинается активное снеготаяние.

Чтобы обеспечить бесперебойное движение поездов и сохранность инфраструктуры, компания реализует масштабный комплекс защитных мер по всей стране. Работа эта всегда ведется заблаговременно.

На данный момент в АО «НК «Қазақстан темір жолы» утвержден детальный план организационно-технических мероприятий в период активного снеготаяния. Главная цель – предотвратить размывы путей и гарантировать безопасность пассажиров и грузов. На всей магистральной сети уже завершены активные работы.

Специалисты компании провели детальный анализ и выявили более 670 потенциально опасных мест вдоль железнодорожного полотна.

Мониторинг этих участков ведется в круглосуточном режиме. Согласно предварительным прогнозам, регионы распределились по уровню угрозы следующим образом: высокий риск – Акмолинская, Северо-Казахстанская, Карагандинская, Восточно-Казахстанская и област Абай; средний риск – область Улытау и Жетісу, Костанайская, Западно-Казахстанская и Алматинская области.

Железнодорожники очищают узловые точки: мосты, водопропускные трубы, коветы и нагорные канавы освобождают от снега, льда и мусора для обеспечения свободного прохода воды. Проводятся работы по усилению земляных насыпей и созданию системы отводных каналов в местах возможного скопления талых вод. Ведется противолавинная защита

– в горных и северных регионах (Защитинский, Атбасарский, Есильский, Екибастузский участки) запланированы буровзрывные работы. Это позволит избежать образования ледяных заторов на реках и предотвратить неконтролируемый сход снега.

Подготовка касается не только техники, но и персонала. С локомотивными бригадами проведены дополнительные инструктажи: машинисты обязаны немедленно сообщать о любых признаках угрозы пути или повышению уровня воды выше критических отметок.

Усилен контроль за состоянием гидротехнических сооружений и водоемов, находящихся в непосредственной близости от путей. В случае необходимости компания готова оперативно задействовать противоразмывные поезда и спецтехнику для ликвидации последствий стихии.

Профессионализм и слаженная работа железнодорожников позволяют уверенно противостоять любым погодным вызовам: как в период зимних снегопадов, так и во время весеннего снеготаяния движение поездов остается под надежным контролем.

Фото Александра ЖАБЧУКА

РАЗВИТИЕ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ПАКИСТАНОМ ИМЕЕТ СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ОБЕИХ СТРАН. МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ КОРИДОР СЕВЕР – ЮГ ОБЛАДАЕТ ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫМ ТРАНЗИТНЫМ ПОТЕНЦИАЛОМ И МОЖЕТ СТАТЬ ОСНОВОЙ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ УСТОЙЧИВЫХ МУЛЬТИМОДАЛЬНЫХ ЛОГИСТИЧЕСКИХ ЦЕПОЧЕК. ПОДПИСАНИЕ МЕМОРАНДУМА О ВЗАИМОПОНИМАНИИ МЕЖДУ АО «KTZ EXPRESS» И NATIONAL LOGISTICS CORPORATION ЯВЛЯЕТСЯ ВАЖНЫМ ШАГОМ В РАЗВИТИИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ПЕРЕВОЗОК И УКРЕПЛЕНИИ ДВУСТОРОННЕГО СОТРУДНИЧЕСТВА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

КАЗАХСТАН ЭКСПОРТИРОВАЛ

5,8 млн

ТОНН ЗЕРНА НОВОГО УРОЖАЯ.

57

ВОКЗАЛОВ СТРАНЫ ОХВАЧЕНЫ НОВЫМ СЕРВИСОМ СОПРОВОЖДЕНИЯ ДЛЯ ЛИЦ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ.

ДЛЯ ВОССТАНОВИТЕЛЬНЫХ ПОЕЗДОВ СТАНЦИЙ АЯГОЗ, АРЫС, ТАРАЗ, ОРАЛ И ЖАНААРКА ПОСТУПИЛО

5

БУЛЬДОЗЕРОВ ТИПА ЯБЛ.

ПО ИТОГАМ 2025 ГОДА ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И РОССИЕЙ ДОСТИГ

92,1 млн тонн.

ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕР ТІЗІЛІМІНЕ ЕНДІ

Railways Systems KZ холдингінің бес кәсіпорны Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Қазақстандық тауар өндірушілерінің тізіліміне енді. Тізілімге ену локализация деңгейін, нақты өндірістік қуаттылықтардың бар екендігін және мемлекеттің өнеркәсіптік саясатының талаптарына толық сәйкестігін ресми растауды білдіреді.

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Теміржол холдингі алға тартқан ақпаратқа сүйенсек, Екібастұз бен Петропавлда орналасқан кәсіпорындар Қазақстандық тауар өндірушілердің (ҚТӨ) тізіліміне, яғни отандық өндіруші мәртебесін растау үшін құрылған мемлекеттік цифрлық жүйеге енді. Тізілім адал өндірушілерді қолдауға және отандық бизнес үшін ашық нарық құруға бағытталған. Жаңа тетік қазақстандық тауар өндіруші мәртебесін берудің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Нақты қазақстандық тауар өндірушілер ретінде ҚТӨ тізіліміне енгізілген кәсіпорындар ғана реттелетін сатып алуларға қатысып, мемлекеттік қолдау шараларын ала алады.

Ал тауар өндіруші тізіліміне енгізілген кәсіпорындарға келетін болсақ, олар: тұтас таптамалы дөңгелектер өндірісімен айналысатын «Проммашкомплект», жылжымалы

құрам шығаратын бұрынғы «ЗИКСТО», қазіргі «RWS Wagon», бағыттамалы бұрмалар өндірісі бойынша «ПРОММАШ.КЗ», рельстің бекітпе элементтерін шығаратын «R.W.S. BINDING» және алдын ала кернеуленген темірбетонды шпалдар өндірісімен айналысатын «R.W.S. Concrete» ЖШС кәсіпорындары.

«Теміржол машинасын жасауды дамыту бүгінде Қазақстанның өнеркәсіптік және көлік қауіпсіздігінің негізгі факторларының бірі болып табылады. Инфрақұрылымды ауқымды жаңарту, транзиттік тасымалдардың өсуі және жылжымалы құрамның тозуы жағдайында отандық өндірушілер саланың тұрақты дамуына негіз болады», – деп атап өтті Railways Systems KZ холдингінің бас директоры Роман Павлингер.

Railways Systems KZ холдингінің негізгі баскелестікте артықшылықтарының біріне автоматтандырудың жоғары деңгейін атап өтуге болады. Айталық, тұтас таптамалы дөңгелектер зауытында өн-

дірістік жабдықтар мен басқару компьютерлерін бірыңғай цифрлық экожүйеге біріктіретін роботтық жүйе енгізілген. Барлық процестер нақты уақыт режимінде бақыланады, бұл адам факторының әсерін азайтуға, өнімнің тұрақты сапасын және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр. 2025 жылдың өндірістік нәтижелері тандалған даму моделінің тиімділігін растады. Жылжымалы құрам кәсіпорны 800 дөңгалақ жұбын, сондай-ақ 1525 жүк вагонын шығарды, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 269 пайызға және 2023 жылмен салыстырғанда 388 пайызға арттық.

Компания өкілдерінің айтуынша, бүгінгі таңда жүк вагондары үшін аса маңызды компоненттердің көпшілігі Қазақстан аумағында өндіріледі. Компания локализация деңгейін дәйекті түрде арттырып, импортқа тәуелділікті азайту арқылы 50 пайыз және одан жоғары көрсеткішке ұсталуда.

ХОРГОС УСКОРЯЕТ ПОТОКИ



Более 372 тысяч ДФЭ обработано в сухом порту Khorgos Gateway на территории специальной экономической зоны в 2025 году, что на 2% больше по сравнению с 2024 годом.



Порт стал важным перегрузочным узлом в рамках трансграничных грузоперевозок Китай – Европа / Центральная Азия.

В 2025 году в сухопутном порту было построено 10 новых ширококолейных железнодорожных линий, а также проведены работы по интеллектуальной модернизации инфраструктуры для обеспечения быстрой обработки контейнеров. Благодаря чему время их перевалки сократилось с пяти часов до одного часа.

Сухой порт является вторым китайско-казахстанским совместным проектом в области логистики после логистической базы в Ляньюньгане. Проект включает в себя такие объекты, как китайско-казахстанская железнодорожная станция перевалки, станция для перевалки пшеницы и контейнерная площадка.

Благодаря преимуществам сухого порта на территории специальной экономической зоны в Казахстане в качестве логистического узла к нему присоединились предприятия различных отраслей, что способствует развитию обрабатывающей промышленности и логистики.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

ТАЛДЫҚОРҒАНҒА ПОЙЫЗ ЖҮРЕДІ

Ұлан ОРАЗ,
Алматы



Астана – Талдықорған бағыты бойынша теміржол қатынасы іске қосылмақ. Пойыздың қатынауы ағымдағы жылдың сәуір айына жоспарланған.

Жаңа бағытты ашу Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамасымен, Көлік министрлігі және «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның бірлескен жұмысы аясында, азаматтардың көптеген өтініштері ескеріле отырып жүзеге асырылды.

Аталған бағытты іске қосу Жетісу облысының көлік қолжетімділігін арттыруға, жолаушылар сұранысының өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ елорда мен өңірлер арасында жайлы, қауіпсіз және тұрақты теміржол қатынасын қалыптастыруға бағытталған. Бастапқы кезеңде ұлттық тасымалдаушы тарапынан екі жолаушылар вагоны бөлініп, олар №122/121 «Нұрлы жол-Семей» пойызының құрамында күн ара қатынайтын болады.

Ақтоғай станциясында аталған вагондарды №631/632 «Ақтоғай-Талдықорған» пойызына қайта тіркеу көзделген, бұл бүкіл маршрут бойымен үздіксіз әрі ыңғайлы қатынасты қамтамасыз етеді. Көлік министрлігі бұл формат бастапқы кезең екенін атап өтеді. Тұрақты жолаушылар сұранысы қалыптасқан жағдайда вагондар саны мен қатынау жиілігі кезең-кезеңімен ұлғайтылатын болады, бұл маршрутты халықтың қажеттіліктеріне икемді түрде бейімдеуге мүмкіндік береді.

ЖҰМЫСШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



Астана жол дистанциясында 2 ақпан мен 2 наурыз аралығында «Назар аудар, жолда адам!» айлығы өтуде.

Айлықты өткізудегі басты мақсат – пойыздар қозғалысымен байланысты еңбек ететін жұмысшылардың технологиялық жұмыс тәртібін бұзудың алдын алу. Іс-шараны өткізу барысында оны дұрыс ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтар беріліп, барлық айналымдар мен телімдерде айлық туралы ақпараттық хабарландырулар ілінді. Еңбек қорғау және қауіпсіздік қызметі мамандары тарапынан технологиялық үдерісті сақтау бойынша жоспардан тыс тексерулер өткізіледі. Тексеру аптасына екі рет өткізіліп, соның барысында анықталған жайттар бойынша акт толтырылады.

Ал диспетчерлер қандай да бір ескертулер бойынша жан-жақтан, атап айтқанда локомотив бригадаларынан, станция кезекшілерінен, пойыз диспетчерлерінен келіп түсетін ақпараттарды беру тәртібін қатаң сақтауды қамтамасыз етуі керек. Локомотив бригадаларынан аса мұқият болып, қауіпті бірден хабарлау, ДУ-46 журналында өндірістегі ескертулерді уақытында жазып отыру, келесі жолда пойыз өткенде жұмысты тоқтату, жұмысшылардың вагондар астынан өтуіне жол бермеу, жалғыз жұмысшының бағыттама бұрмаларын қардан тазалауына жол бермеу, қалың тұманда белгі беру бригадаларын бөлімді қадағалау, аралық жолдарда пойыздар өткенде жұмыс істеп тұрған жол техникасының қызмет көрсету персоналының жол арасында жүруіне жол бермеу, теміржолшылардың арнайы жұмыс киімі және құралдарының түгел болуын қадағалау және басқа да ережелерді қатаң сақтау талап етіледі.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Мәселен, осыған дейін теміржол көлігі саласындағы электроэнергия және дизель отынын тұтынуы есепке алу, бақылау және талдау бойынша процесті кешенді автоматтандыру және ақпараттық қолдау іс-шаралары жүзеге асырылды.

Оның сыртында «Транстелеком» АҚ Семей филиалы шағын станцияларды кең жолақты ғаламтормен қамту үшін талшықты-оптикалық және LTE желілерін салды. Нәтижесінде, Локоть – Дегелең, Семей – Ақтоғай учаскелері интернетке қосылды. Бір бұл емес, теміржол нысандарын Wi-Fi желісіне қосу да Жаңа-Семей – Шар, Шар – Аягөз, Аягөз – Ақтоғай тәлімі бойынша орындалды. Маңыздысы, Семей теміржолына жаңа буынның технологиясы – 5G интернеті келді. Шағын станцияларда теміржолшылар цифрлы телеарналармен де қамтамасыз етілді.

Десек те, ендігі аралықта Семей теміржолы бүкіл аймақтағы өзге де қызметтік салалармен бірге цифрландырудың жаңа кезеңіне аяқ баспақ. Жуырда аймақ әкімдігінде атқарушы билік өкілдері «Транстелеком» АҚ өкілдерімен кездесіп, өңірде жүзеге асыру үшін ұсынылған цифрлық жобалармен танысты. Кездесуде «Транстелеком» АҚ басшылығы аймақтағы цифрландыру, қауіпсіздік және инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жобаларды таныстырды.

Бүгінде Семей теміржолындағы қолданысқа енгізілген цифрлық технологиялар стратегиялық маңызы бар бағыт саналады. Желі бойындағы IT-инфрақұрылымды дамыту, цифрлық сервистер енгізу, деректерді өңдеу орталықтарын құру, қызметтерді автоматтандыру іс-шараларының көрсеткіштерді еселеуде берері мол.



Тың жобалар қатарында теміржол вокзалдары тәрізді қоғамдық орындарға бейнебақылау мен жасанды интеллект негізіндегі қауіпсіздік жүйелерін енгізу, желілік инфрақұрылымды жаңғырту және бірыңғай басқару жүйесін құру да бар. Бұл шешімдер әкімшілік басқарудың тиімділігін күшейтуге бағытталған. Сондай-ақ шалғай елді мекендердегі нысандарды жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамту мақсатында спутниктік байланыс технологияларын пайдалану, сыртқы жарықтандыруды басқарудың «ақылды» жүйесін енгізу, қоғамдық кеңістіктерде заманауи цифрлық сервистерді дамыту жобалары да ұсынылды.

Семей бөлімшесі АСУ бөлімі маманда-

рының айтуынша, бүгінде желі бойына магистральды талшықты-оптикалық байланыс орнату, IPVPN желісіне қолжетімділік, сонымен қатар бейнеконференцбайланыс, хостинг қызметі жаңа сатыға көтерілген. Десек те, теміржол саласына арналған негізгі цифрлық шешімдерді жүзеге асыру енді басталды. Атап айтсақ, тасымалдаудың қауіпсіздігін, тиімділігін және сенімділігін арттыруға бағытталған пойыздардың ақаулары алдын ала болжайтын және тұрып қалу уақытын қысқартатын ақылды Smart-ДЕПО, қозғалысты, кестені және энергия тұтынуын басқару жүйесі – Smart-Диспетчер, машинистке қауіпсіз және үнемді жүргізуге көмектесетін Цифрлық локомотив борты сынды цифрлық шешімдер бар. Бұл ретте теміржол саласындағы цифрлық жүк ресурстарын жоспарлау және басқару жүйесі мен жүк бөлінісі платформасын жасанды интеллект көмегімен оңтайландыру кезек күтуде.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мәселесіне айрықша назар аударып: «Цифрландыру – экономиканың тиімділігін арттыратын, басқарудың сапасын жақсартатын және азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеретін басты фактор» деп атаған болатын. Бұл ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Цифрлық трансформация» бағдарламасының Семей теміржолында нәтижелі түрде іске асырылғанын сеніммен айта аламыз, – дейді филиал бастығының АСУ бойынша орынбасары Ергазы Жұмаділов.

Суретті түсірген автор

БЕЙНЕУДІҢ МҮМКІНДІГІ АРТАДЫ

Төрт бағытта қызмет көрсететін Бейнеу станциясының жүк қабылдап-өткізу мүмкіндіктері молая түспек. Бұған дейін станцияның «Б» паркінде жеті жол бар болса, енді тағы қосымша бірнеше жолдың құрылысы жүргізіліп жатыр.



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты станция жолдарын көбейту жұмыстары өткен жылдың күзінде басталған. Шалқар – Бейнеу қабылдау және жөнелту жолдарын дамыту, кеңейту жобасына сәйкес Бейнеудің «Б» паркіне тағы жеті жол салу жоспарланған болатын. Станция тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан алдағы жылдардағы өткізу деңгейін есепке алып, жүзеге асырылып жатқан құрылыс жұмыстарының қазіргі қарқыны жоғары.

– Станцияда төрт бағыттан келген жүктерге қызмет көрсетіледі. Өткен жылы 8305 пойыз қабылданып, 8548 пойыз жөнелтілді. Екі мың вагоннан астам жүк түсіріліп, бес

жүз вагонға жуық жүк тиелді. Станцияға қарасты Күйкен бекетінен 9878 вагон жүк тиеліп, 116 вагон жүк түсірілді. Бұл бекетке былтырғы қаңтар айынан бастап Бейнеу астық терминалы қайта іске қосылуы жүк көрсеткішін одан әрі арттырды. Станциядан өтетін жолаушылар пойызының саны да жылдан жылға көбейіп келеді. Былтыр ол 55 мыңнан асса, алдыңғы жылы 30 541 пойыз жөнелтілген. Сол сияқты жүк көрсеткіштері де салыстырмалы түрде алдыңғы жылғыдан жоғарылады. Қабылданған және жөнелтілген пойыз – дар 2024 жылғы көрсеткіштен 500-550 пойызға дейін артты. Сондықтан жаңадан тағы жеті жол іске қосылса, жүк операциялары кезінде туындайтын кейбір қиындық-кедергілер жойылатын болады. Бүгінде ол жолдардың бәрі де салынып, құрылысы аяқталып қалды. Қазір қабылдап,

іске қосу процестері жүргізілуде, – дейді станция бастығы Бақытжан Тұраев. Бақытжан Асқарұлы он бес жыл бұрын темір жолдағы еңбек жолын Маңғыстау станциясында пойыз құрастырушы болып бастаған екен. Тәжірибесін әр жылдары станция кезекшісі, по- йыз диспетчері, Бейнеу станция- сында бас инженер, бөлімшенің логистика бөлімінің инженері лауазымдарында шыңдаған. Өткен жылғы жаздан бері учаскелік және бірінші санатты Бейнеу станциясын басқарып отыр.

Еске сала кетсек, Бейнеу – Мақат, Маңғыстау, Тассай, Өзбекстан бағыттарында жүк және жолаушылар пойыздары қабылданып, жөнелтілетін бірінші санатты станция. Станцияда тиіс-түсіру жұмыстарын жүзеге асыратын алты кірме жол бар.

Суретті түсірген автор

МАҚСАТ АЙҚЫН, МІНДЕТ АНЫҚ



Жыл басынан бері «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл филиалының атауы қайта жаңғырғанымен, құрылымдық бөлімшенің атқарар негізгі жұмыс көлемі мен міндеттері өзгерген жоқ. Өңірдегі жүк айналымының 60 пайыздан астамы теміржол арқылы өтуде.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Жамбыл филиалының директоры Айдын Сеитбенбетовтің мәліметінше, 2025 жылы жүк тасымалынан түскен табыс жетпіс бір миллиард теңгеден асқан. Бұл көрсеткіш 2024 жылы 46 900 675 мың теңгені құраған екен. Яғни былтырғы нақты кіріс 24 534 017 мың теңгеге, яғни 52 пайызға өскен.

– Біз тасымалдау тарифі мен қосымша алымдарды арттырып, тиеу мен түсіруді ұлғайту арқылы тасымалдау қызметінің кіріс деңгейін арттырдық. Өткен жылы филиал бойынша қосалқы-көмекші қызметтен барлығы 359 279 мың теңге табыс кірді. Мәжелі жоспар – 240 639 мың теңге еді, 118 640 мың теңгеге асыра орындадық. Жүк қабылдау-тапсырушылар мен тауар кассирлерінің қызметтеріне бағаны көтеру, сондай-ақ «ТТТ-Сервис» ЖШС-не шарт бойынша құрғақ құммен жабдықтау бойынша қызметін ұсыну есебінен жоспардағы 8342 мың теңгенің орнына 28 504 мың теңге табыс таптық. Ал аталған

серіктестікке 85 бірлікке ТҚ-2 қызмет көрсету бойынша табыс 10 912 мың теңгені құрады. «Alash Rail Service» ЖШС 2ТЭ10У тепловозын 9 820,1 мың теңгеге жалға алды. Тасымалдау процесінде жұмыспен қамтылғандардың еңбек өнімділігі 10 523 мың адамды құрады. Жоспар бойынша 9 883 мың тартылуы тиіс болған. Еңбек өнімділігі жүк айналымын 6,5 пайызға арттыру арқылы ұлғайды, – дейді Айдын Пайзылдаулы.

Сонымен қатар былтыр Жамбыл филиалында негізгі қызмет бойынша шығыс жоспарда белгіленген 65 450 091 мың теңгеден іс жүзінде 70 137 084 мың теңге жұмсалған. Мамандардың айтуынша, 4 686 993 мың теңге артық шығын пайдаланылмаған демалыс үшін отемақы төлеуге, әлеуметтік мұқтаждарға, отынға, электр энергиясына аударымдар мен шығыстарға, тепловоз және электровоздарды күрделі жөндеуден өткізуге жұмсалған.

Филиал директорының мәліметіне сәйкес өткен жылы техникалық жоспардағы 1 көрсеткіш қана орындалмаған. Белгіленген жеке бойынша жүк

тасымалы кезіндегі локомотивтердің техникалық жылдамдығы сағатына 47,07 км құрауы тиіс болған. Іс жүзінде 45,79 км/сағатты көрсетіп, 97,3 пайызға ғана орындалған. Бұған негізінен жолдарды күрделі және ағымдағы жөндеу кезінде толаскез уақытының созылып кетуі әсер еткен. Айталық, Түлкібас-Тараз учаскесіндегі ауыр типті машиналарды қолдана отырып, ластаған балласт қабатын терең кесіп өтетін жолды күрделі жөндеуде – 96 сағаттық, Шу – Отар, Сарышаған – Шу, Шу – Тараз учаскесіндегі – 36 сағаттық, Шу – Отар учаскесіндегі – 30 және 26 сағаттық, Шу – Отар, Сарышаған – Шығанақ – Шу, Шу – Тараз, Түлкібас – Тараз, Қаратау – Жаңатас учаскесіндегі 12 сағаттық күрделі жөндеу жұмыстары кедергі келтірген.

Бұдан бөлек, ауа-райының әсерінен жекелеген тәуліктерде барлық пойыздарда жылдамдықты 60 км/сағатқа, желдің екпіні 20 м/с-қа жетіп, одан да күшейген кездегі қозғалыс жылдамдығын 25 км/сағатқа азайтқан шектеулердің де көрсеткіштің төмендеуіне әкеліп соққан.



Осы және басқа да техникалық жағдайлар филиал бойынша дизель отынының және электр энергиясын тұтынуға шығыстардың өсуіне себеп болған. Өткен жылғы дизель отынының артық шығыны 329,9 тоннаны құраса, 54 051 мың кВт/сағат артық электр энергиясы жұмсалған.

Жүк айналымы артқан сайын кіріс көбейіп, соған сәйкес кейбір шығыстардың да артағаны түсінікті. Оның үстіне магистральдық желілерді жаңғырту жоспары кезең-кезеңімен ұлғайып жатқаны мәлім. Бұл уақытта кедергілерді туындатқанымен, жақын жылдарда пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, көрсеткіштерді жақсартатыны анық. Сондықтан Жамбыл филиалы алға үлкен мақсаттар мен міндеттерді белгілеп отыр.

– Бүгінде Тараз-Жаңатас учаскесінде жүк тасымалының көлемі арта түсті. Осыған байланысты Қаратау станциясы

бойынша локомотивтерді отынмен және құммен жабдықтауды қарастырып отырмыз. 2026 жылы Алматы, Мойынты – Шу учаскесінің өткізу қабілетін жақсарту мақсатында бұрынғы Бірлік-2 станциясын қалпына келтіру жұмыстарын жандандыруды, Түркісіб станциясы бойынша қабылдау-жөнелту паркінің жолында ауыстырусыз сұрыптау паркінің жолдарынан тақ жүк пойыздарын электровоздармен жөнелту үшін с/езд салуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар бірінші жартыжылдықта жүктерді тиеуді 3,0 пайызға ұлғайту жоспарда бар. Индустриялық аймақтарды дамығсақ, ірі жүк жөнелтушілер – «Еурохим-Қаратау», «Қазфосфат» ЖШС-терінің шығарылатын өнім көлемін ұлғайту есебінен жүк айналымын экспорттық қатынаста 1,5 пайызға арттыруға мүмкіндік туады. Ал экологиялық, экономикалық тиімділікке қол жеткізу, еңбек жағдайын жақсарту үшін ТЧЭ-30 Шу құм кептіру шаруашылығының пештерін қатты отыннан газға ауыстыру мәселесін қарастыру қажет, – деп ақпар бөлісті Айдын Сеитбенбетов.

Бұдан басқа да кезегін күтіп тұрған ағымдағы мәселелер аз емес екен. Солардың ішінде ең өзектісі – Тараз, Шу, Сарышаған станцияларының тораптары бойынша маневрлік локомотивтер паркін жаңарту және ұлғайту мәселесі. «Себебі жыл санап филиал бойынша жүк айналымының көлемі артып келеді. Көлем өскенде жүктерді тиеу және түсіру, жергілікті жүкті тасымалдау жоспарларын қамтамасыз ету үшін парк аумағын кеңейту қажет», – деді бөлімше басшысы.

Суретті түсірген автор

КОГДА ПОЕЗД БЛИЖЕ, ЧЕМ КАЖЕТСЯ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Как отмечает главный региональный ревизор департамента безопасности движения АО «КТЖ» по Восточно-Казахстанскому участку Айдын Огузбаев, одними из самых сложных и опасных элементов транспортной инфраструктуры остаются переезды, потому что там пересекаются автомобильные дороги и железнодорожные пути.

– На обслуживании Восточно-Казахстанского участка находятся железнодорожные переезды различных категорий: переезды с дежурными работниками (дежурными по переезду); автоматической светофорной сигнализацией и неохранные, нерегулируемые железнодорожные переезды. Несмотря на все принимаемые меры, пока не сведено к нулю число дорожно-транспортных происшествий. За последние пять лет в Оскеменском регионе допущено восемь случаев ДТП на железнодорожных переездах, – объясняет он. Среди причин аварий на переездах – невнимательность водителей, грубые нарушения ПДД и неудовлетворительное техническое состояние автотранспорта.

Еще одна проблема – нахождение посторонних лиц на железнодорожных путях.

За последние пять лет зарегистрировано 12 случаев наезда на людей, в том числе с летальным исходом и травмами, повлекшими инвалидность.

Только с начала 2026 года уже допущен один такой случай. Как правило, нарушители – это гражданские лица, посторонние, которые переходят железную дорогу в неустановленных местах,



хотя буквально в нескольких метрах расположены безопасные переходы. Также чаще всего нарушители находятся в состоянии алкогольного опьянения, или люди используют наушники, из-за чего не слышат приближающийся поезд. Отдельную опасность представляют участки с кривыми малого радиуса, где у машиниста ограничена видимость и слышимость.

– Мы знаем все наши проблемные перегоны, где происходят наезды. Это станции Усть-Каменогорск – Коршуново, Усть-Каменогорск – Оскемен-1, Усть-Каменогорск – НУК, – говорит Айдын Огузбаев. – Поэтому железнодорожники региона ежемесячно проводят профилактическую работу с населением и автоводителями: разъяснительные беседы, письма в акиматы и исполнительные органы, взаимодействие с автотранспортными предприятиями и крестьянскими хозяйствами, совместные рейды с сотрудниками полиции по выявлению нарушений ПДД и пересечения путей в неустановленных местах.

Дополнительный акцент на проблеме сделан в рамках месячника «Человек на пути», который проходит в Оскеменском регионе со 2 февраля по 2 марта. В этот период уси-

ливаются профилактические мероприятия, информационные кампании и контроль за соблюдением правил поведения на объектах железнодорожной инфраструктуры.


Для реального снижения числа ДТП и наездов на людей ревизоры безопасности по Восточно-Казахстанскому участку считают необходимым усилить контроль за соблюдением ПДД водителями, внедрять интеллектуальные системы мониторинга и дополнительные ограждения; запретить использование наушников и мобильных телефонов вблизи путей. Помимо этого, довольно эффективной мерой железнодорожники называют проведение информационных кампаний, особенно среди учащихся школ и других учебных заведений, о правилах поведения на железнодорожных путях, организации совместных рейдов с исполнительными органами власти по правилам нахождения и пересечения железных дорог только в установленных местах.

